

Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы "Талдықорған қаласы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" N 3-85 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 05 желтоқсандағы N 38-1215 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 13 желтоқсанда N 2245 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 29-421 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 27.06.2016 № 29-421 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы "Талдықорған қаласы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 22 ақпандағы тіркелген нөмірі N 2-1-155, "Талдықорған" газетінің 2012 жылғы 8 наурыздағы 10-нөмірінде жарияланған) N 3-85 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының атауы келесі редакцияда баяндалсын:

"Талдықорған қаласы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы".

аталған қаулының 1-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Талдықорған қаласы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру

орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш процент мөлшерінде жұмыс орындарынан квота белгіленсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ғалиасқар Төлендіұлы Сарыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Алпысов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Талдықорған қаласының
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

Мұхаметжан Ш.Б